

Бекітілді
№10 «Құлышпақ» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі Р.Ұ.Бағытова
№ педагогикалық кеңесте
08.09.2021 жыл



Шығармашылық білім саласы
Музыка оқу қызметі бойынша
2021-2022 оқу жылына мектепалды даярлық топтарына арналған
жылдық перспективалық жоспар

«Шығармашылық» білім беру саласы

191. «Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, аппликация, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

192. Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.

193. Міндеттері:

- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру;
- балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын дамыту;
- балалардың түсінуіне жақын 2-3 қазақ халқының өнерімен таныстыру;
- халық ойыншықтары туралы түсініктерін кеңейту;
- балаларды әртүрлі бейнелеу өнерімен таныстыруды жалғастыру (живопись, графика, скульптура, сәндік қолданбалы өнер);
- бірлесіп жұмыс жасау, жұмысты ұжыммен орындау дағдыларын қалыптастыру;
- өз жұмысының нәтижесін бағалауға үйрету;
- живопись және скульпторлық мүсіндердің туындыларымен таныстыруды жалғастыру (картиналар мен репродукциялық картиналар);
- балаларды безендірудің мәнерлі құралдарымен, балалар кітаптарындағы иллюстрациялармен, олардың авторларымен таныстыру;
- балаларды өнер туындыларын, олардың түрлерін дербес қарастыруды, мәнерлік құралдарына және мазмұнына көңіл аударуға баулу (ырғақ, түс, пішін, композиция)

I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау:

Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық домбырада және қобызда орындалатын «күй» жанрымен таныстыру, күйші композитор: күйші Құрманғазы, қобызшы Қорқыт шығармашылығымен таныстыру

Ән айту.

Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын ажырату. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту. Қазақ халқының музыкасын қабылдау.

Музыкалық ырғақты қимылдар:

Музыка сипатын анық ырғақтық жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, жаттығуларын орындау.

Ойындар мен хороводтар:

Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру, пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлтық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.

Билер:

Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

Би шығармашылығы:

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін мадақтау, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрету.

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:

Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.

II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау:

Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру. Қазақтың халық әндері, күйлері мен би музыкаларының үздік үлгілерін тыңдауға тәрбиелеу.

Ән айту дағдыларын қалыптастыру

- 1) Бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен орындау,
- 2) терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын ажырату,
- 3) қолмен бағытын көрсете отырып әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын ажырату,
- 4) фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.
- 5) Сезіммен, ырғаққа сәкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.

Музыкалық ырғақты қимылдар, жаттығулар:

Музыка ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау. Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Ойындар мен хороводтар:

Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық ойын бейнелерін байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес жалаушалармен немесе ленталармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: үш шеңбер, үлкен шеңбер. Сюжетті ойындарды сахналау.

Билер:

Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып әндерді сахналау.

Би шығармашылығы:

Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:

Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. Жеңіл әуендерді балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, ансамбльмен уақытында қосылып ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу.

Мектепалды даярлық тобына арналған «өтпелі» тақырыптық жоспар топтамасы

Апта Ай аты Тақырыптар	I- апта	II-апта	III-апта	IV-апта
Қыркүйек «Балабақша және отбасы»	«Балабақша.Білім күні»	«Отбасы және құндылықтары»	«Мен адаммын»	«Табиғат бұрышы»
Қазан «Мен және қоршаған орта»	«Гүлдер әлемі» (бөлме гүлдері,дала,бақша, дәрілік емдік қасиеттері)	«Орманда не өседі?» (саңырауқұлақтар,жидектер)	«Ағаштар мен бұталар» (Қызыл кітапқа енген өсімдіктер)	«Берекелі Алтын күз» (Ас атасы - нан)
Қараша «Табиғат әлемі»	«Құстар біздің досымыз» (қыстайтын жыл құстары)	«Үй жануарлары» (өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі)	«Жабайы жануарлар әлемі» (жануарлар қысқа қалай дайындалады? Әр түрлі мезгілдегі тіршілік кезеңі.)	«Су қойма мекендеушілері»
Желтоқсан «Менің Қазақстаным»	«Тарихқа саяхат» ҚР Тұңғыш Президенті.	«Менің туған өлкем»	«Тәуелсіз Қазақстан»	«Астана Отанымыздың жүрегі»
Қаңтар «Дені саудың жаны сау»	«Бәрі мен жайлы»	«Дұрыс тамақтану» (дәрумендер)	«Өз-өзіңді қорғай біл»	«Спорт денсаулық кепілі»
Ақпан «Бізді қоршаған әлем»	«Ғажайыптар әлемі» (өлі табиғат құбылыстары)	«Көліктер. ЖЖЕ-сақта!»	«Электроника әлемі» Байланыс құралдары.	«Пайдалы қазбалар»
Наурыз «Салт- дәстүрлер және фольклор»	«Қазақстан халқының салт дәстүрлері»	«Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»	Өнер көзі-халықта (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б)	«Наурыз келді, табиғат оянды»
Сәуір «Біз еңбекқор баламыз»	«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Адам және ғарыш»	«Табиғатты аялайық»	«Қызықты тәжірибелер»
Мамыр «Әрқашан күн сөнбесін!»	«Достық біздің тірегіміз» (халықтар достығы)	«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері)	«Шөпте не жорғалайды» (жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар)	«Көңілді жаз»

**Мектепалды даярлық тобының «Шығармашылық» білім саласы бойынша
музыкадан ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары**

№	Топтама тақырыбы	Апталық тақырып	ҰОҚ тақырыбы	Мақсаттары мен міндеттері	Методикалық әдіс-тәсілдері	Көрнекілік құралдары	Сағат саны
				Қыркүйек айы, I апта			
1	«Балабақша және отбасы»	«Балабақша. Білім күні»	«Бақшадағы ән-сауық»	Музыкаға деген қызығушылығын ояту. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Бикимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. Балаларға 1-қыркүйек Білім күні мерекесі туралы түсінік беру.	Ән тыңдау: И Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз» Ән айту: И Нүсіпбаев «Жас дәуірдің түлегіміз» Әуенді қимылды би: «Көңілді би» Музыкалық қимылды ойын: «Соқыртеке» Музыкалық аспаппен танысу: Қоңырау	Балабақша өмірінен дайындалған фото слайды. Ойын атрибуттары, барлық музыкалық аспаптар салынған ғажайып қорап	1
2			«Білімнің – бұлағың»	Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық дұрыс айтуға талпындыру. Балаларға білім күні, балабақша туралы мағлұмат беру. Вальс би элементтерімен таныстырып, биге қызығушылығын дамыту	Ән тыңдау: Дәулеткерей «Қосалқа» Ән айту: М Дауылбаев «Білім күні» Әуенді қимылды би: «Жұптасу биі» Музыкалық қимылды ойын: «Аспапқа тез жет» Музыкалық аспаппен танысу: Домбыра аспабы	Домбыра аспабы құрылысы туралы слайд. Дәулеткерей ата портреті, ойын атрибуттары	1
				Қыркүйек айы, II апта			
3-4	«Балабақша және отбасы»	«Отбасы және құндылықтары»	«Менің туыстарым»	Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылығын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу	Ән тыңдау: Е Өміров «Жан анам» Ән айту: И Нүсіпбаев «Екеуміз әйбат баламыз» Әуенді қимылды би: «Буги вуги» Музыкалық қимылды ойын: «Орамал мен тақия»	Отбасы мүшелерінің суреттерінен дайындалған слайд. Ұрмалы аспаптар салынған ғажайып қорап, ойын атрибуттары	2

					Музыкалық аспаппен танысу: Ұрмалы аспаптар		
				Қыркүйек айы, III апта			
5-6	«Балабақша және отбасы»	«Мен адаммын»	«Менің өлкем» 22-қыркүйек Тіл мерекесі	Балалардың тіл мерекесі туралы білімдерін кеңейте отырып, елін, туған жерін, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білуге үйрету. Шығарманы зейін қойып тыңдауға, ажырата білуге, есте сақтауға үйрету. Вальс би элементтерін үйрету	Ән тыңдау: Л Хамиди «Туған ел», Қорқыттың күйі «Ұшардың ұлуы» Ән айту: «Ана тілін сүйемін» И Нүсіпбаев «Жомарт елім» Әуенді қим би: Б Жұмақанов «Вальс», «Қара жорға» Муз. қим ойын: «Бұл қандай ән?», «Тақия тастамақ» Музыкалық аспаппен танысу: Қобыз аспабы	«Менің өлкем» тақырыбында дайындалған слайд. Қорқыт ата портреті. Қобыз аспабы туралы дайындалған слайд. ойын атрибуттары	2
				Қыркүйек айы, IV апта			
7-8	«Балабақша және отбасы»	«Табиғат бұрышы»	«Күзгі серуен»	Әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысына музыкамен байланыстыра білуге үйрету. Дикцияның тазалығына, әнді анық айтуға үйрету. Әуен тыңдау арқылы күзгі табиғатты елестету. Даңғыра аспабында жаңбырдың дыбысын тыңдау арқылы елестетуге үйрету.	Ән тыңдау: П И Чайковский «Жыл мезгілдері», «Күз» Ән айту: Қ Шілдебаев «Күз», К Дүйсекеев «Жау, жау жаңбыр» Әуенді қимылды би: «Күзгі жапырақтармен би», «Көңілді қолшатырлар» Муз/дид ойын: «Жапырақтарды жина», «Күн мен жаңбыр» Музыкалық аспаппен танысу: Даңғыра аспабы	«Күз көріністері» атты слайд. түрлі түсті ПВХдан жасалған күзгі жапырақтар, даңғыра аспабы, CD-дискілер	2
				Қазан айы, I апта			
9 10	«Туған өлкенің табиғаты»	«Гүлдер әлемі» (бөлме гүлдері, дала, бақша, дәрілік емдік қасиеттері)	«Күзгі жапырақтар»	Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Күй тыңдау арқылы балалардың ой-сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Күйші Тәттімбет туралы мағлұмат беру. Ән арқылы балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Дала өсімдіктері мен бөлме өсімдіктерін ажырата білуге үйрету. Әдемілікке баулу.	Ән тыңдау: Тәттімбеттің күйі «Саржайлау» Ән айту: Д Ботбаев «Күзгі жапырақтар» Әуенді қим би: «Күзгі жапырақтармен би» Музыкалық д/ойын: «Ән салған кім» Музыкалық аспаппен танысу: дауылпаз аспабы	«Күз көріністері» атты слайд. Күйші, сазгер портреті. ПВХдан жасалған күзгі жапырақтар. Ойын атрибуттары, дауылпаз аспабы	2

				Қазан айы, II апта			
11	«Туған өлкенің табиғаты»	«Орманда не өседі?» (саңырауқұлақтар, жидектер)	«Саңырауқұлақтар жинаймыз»	Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Балалардың орман өсімдіктері туралы түсініктерін дамыту.	Ән тыңдау: Е Брусиловский «Күз» Ән айту: Д Ботбаев «Күз жомарт» Әуенді қимылды би: «Көңілді полька» Музыкалық қимылды ойын: «Саңырауқұлақ пен жаңғақ жинаймыз» Музыкалық аспаппен танысу: Сылдырмақ аспабы	Күзгі орман көрінісінен дайындалған фото сурет слайды. Ғажайып қорапқа салынған музыкалық аспаптар, сылдырмақ	1
12			«Сүйікті қалам Атырау»	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлау. Балалардың туған жері Атырау қаласы туралы білімдерін кеңейту. Туған жеріне деген құрметін, сыйластық сезімдерін қалыптастыру.	Ән тыңдау: Ж Сейдоллаұлы «Айдындағы Атырау» Ән айту: Б Қошаманов «Атырау қалам» Әуенді қимылды би: «Вальс» Музыкалық қимылды ойын: «Аспапқа тез жет» Музыкалық аспапта ойнау: Сылдырмақ	Атырау қаласының көріністерінен дайындалған слайд. Ойын атрибуттары, сылдырмақ	1
				Қазан айы, III апта			
13 14	«Туған өлкенің табиғаты»	«Ағаштар мен бұталар» Қызыл кітапқа енген өсімдіктер.	«Күзгі орманға саяхат»	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажыратуды үйрету. Күз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер туралы әңгімелеу.	Ән тыңдау: «Күз көріністері» Ән айту: Б Бисенова «Күзгі вальс» Әуенді қимылды би: жануарлар биі Музыкалық қимылды ойын: «Өз орныңды тап» Муз аспаппен танысу: Сыбызғы аспабы	Күзгі көріністерден дайындалған слайд. Жануарлар атрибуттары. Сыбызғы аспабы	2

				Қазан айы, IV апта			
15	«Туған өлкенің табиғаты»	«Берекелі Алтын күз». (Ас атасы - нан)	Сабантой	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Балаларға нанның дастарханға қалай келгенін түсіндіру. Нанды құрметтеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Қ Шілдебаев «Бауырсақ» әні Ән айту: Д Ботбаев «Сабантой» Әуенді қимылды би: «Сары бидайлар» биі Музыкалық қимылды ойын «Жемістер мен көкөністер» ойыны Музыкалық аспаппен танысу: Дудочка аспабы	«Ас атасы нан» тақырыбында слайд. Ойын би, атрибуттары. Дудочка аспабы	1
16			Бағдаршам	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге үйрету. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойын ойнағанда эмоцияны ояту. Жол ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу	Ән тыңдау: Б Бейсенова «Жол ережесі тәртібі» Ән айту: Ғ Тамендаров «Светофор-бағдаршам» Әуенді қимылды би: «Түрлі автомобильдер» Музыкалық қимылды ойын «Бағдаршам» ойыны Музыкалық аспаппен танысу: Дудочка аспабы	Жол ережесінің белгілері. «Жол қозғалысы» тақырыбында дайындалған слайд. Ойын атрибуттары	1
				Қараша айы, I апта			
17	«Табиғат әлемі»	«Құстар біздің досымыз» Қыстайтын, жыл құстары	«Құстар біздің досымыз»	Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру. Күйші - композитор Н.Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. Күз мезгіліндегі құстардың тіршілігі туралы түсінік беру.	Ән тыңдау: Н.Тілендиев «Аққу» күйі Ән айту: «Тырналар ау, тырналар» әні Әуенді қим би: «Үйректер» биі Музыкалық қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар» Музыкалық аспаппен танысу: Сыбызғы аспабы	«Құстар біздің досымыз» тақырыбында дайындалған слайд. Ойын, би атрибуттары. Сыбызғы аспабы	1
18			«Музыка әлеміне саяхат»	Балаларды музыка әлемімен, ән, күй, би жанрларымен таныстыру. Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен	Ән тыңдау: Құрманғазы «Адай» күйі Ән айту: Қ Қайым «Торғай ағаш	«Музыка әлемі» слайды. Қ Сағырбайұлы	1

				мәнерлеп айтуға үйрету. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеге дағдыландыру. Ноталармен, олардың орналасу тәртібімен таныстыру.	қорғайды» Әуенді қимылды би: «Көңілді аспаптар» Муз/дид ойын «Ноталарды орналастыр» Муз аспаппен танысу: Домбыра аспабы	туралы слайд. Домбыра аспабы	
				Қараша айы, II апта			
19-20	«Табиғат әлемі»	«Үй жануарлары» Өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі.	«Үй жануарлары»	Әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, музыкамен байланыстыра білуге үйрету. Ән айту арқылы күзгі табиғатты елестетуге баулу. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Үй жануарларын қорғауға, қамқорлауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: П И Чайковский «Жыл мезгілдері», «Күз» Ән айту: Қ Шілдебаев «Күшігім менің Саққұлақ», А Райымқұлова «Мысығым» Әуенді қимылды би: «Көңілді жануарлар биі» Музыкалық қимылды ойын: «Жапырақтарды тез жина», «Мысық пен тышқандар» Музыкалық аспаппен танысу: Металлофон аспабы	Үй жануарлары туралы слайд. Ойын, би атрибуттары. Металлофон аспабы	2
				Қараша айы, III апта			
21-22	«Табиғат әлемі»	«Жабайы жануарлар әлемі» Жануарлар қысқа қалай дайындалады? Әр түрлі мезгілдегі тіршілік кезеңі.	«Аңдардың айтысы»	Балалардың жабайы жануарлар туралы білімдерін кеңейту. Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Күз мезгіліндегі орман жануарларының тіршілігі туралы әңгімелеу. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу	Ән тыңдау: П И Чайковский «Ұйқыдағы ару» Ән айту: Ш Құлманова «Аңдар айтысы» Әуенді қим би: «Аңдар биі» Муз/қим ойын: «Аю жүрген орманда», «Қасқыр қақпан» Музыкалық аспаппен танысу: Кселлофон аспабы	«Ормандағы аңдар» слайды, ойын, би атрибуттары, Кселлофон аспабы	2

				Қараша айы, IV апта			
23	«Табиғат әлемі»	«Су қойма мекендеушілері»	«Балықтар»	Музыканың сезімдік мазмұнын, сипатын ажырата білуге үйрету. Әннің мазмұнын бейнелей білуге, әнді нәзік орындауға төселдіру. Музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту. Балалардың балықтар туралы білімдерін кеңейту.	Ән тыңдау: Б Дәлденбай «Көңілді балалар» Ән айту: «Суда жүзіп өсеміз» Әуенді қим би: «Балықтар биі» Муз/қим ойын: «Балық аулаймыз» Музыкалық аспапта ойнау: Қоңырау аспабы	«Су асты әлемі» слайды, Ойын атрибуттары, домбыра аспабы	1
24			«Нота үйренейік»	Балаларға музыка жайында мағлұмат беру. Музыка дыбыстарының атымен, олардың орналасу ретімен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау. Музыка ырғағын сезініп, әдемі билеуге үйрету. Ойын арқылы ноталардың атын жаттату.	Ән тыңдау: Қазақтың халық әні «Гүлдерайым» Ән айту: Ө Байділдаев «До-ре-ми», Б Ғизатов «Нота үйренейік» Әуенді қим би: «Полька биі» «Буги-вуги» Муз/қим ойын: «Көңілді қалпақ» Музыкалық аспапта ойнау: Домбыра аспабы	Бес сызық, бес сызыққа орналасқан ноталар. Сиқырлы қалпақ. Домбыра аспабы.	1
				Желтоқсан айы, I апта			
25	«Менің Қазақстаным»	«Тарихқа саяхат»	«Елін сүйген Елбасы»	Балалардың Қазақстан, рәміздер, Елбасы туралы білімдерін кеңейту. Музыкалық аспапта ырғақты сезініп ойнауға талпындыру. Әуенді би арқылы музыкалық аспаптарды дұрыс ұстауға үйрету. Балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Нұр аға» Ән айту: «Қазақстан бақытты» Әуенді қимылды би: «Жалаумен би» Муз/дид ойын «Жалауға тез жет» Муз аспаппен танысу: Асатаяқ аспабы	«Елін сүйген Елбасы» тақырыбында слайд. Ойын, би атрибуттары.	1
26			«Музыка әлеміне саяхат»	Балаларды музыка әлемімен, ән, күй, би жанрларымен таныстыру. Опера және балет жанрларымен де танысу. Әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Музыкаға сәйкес қимыл-дап, билеуге дағдыландыру.	Ән тыңдау: «Біржан мен Сара» операсынан үзінді Ән айту: К Қуатбаев «Балдырғандар маршы» Әуенді қимылды би: «Көңілді аспаптар» Муз/дид ойын «Ноталарды орналастыр» Муз аспаппен танысу: Қоңырау аспабы	«Опера және балет» слайды, Қоңырау аспабы, ойын атрибуттары	1

				Желтоқсан айы, II апта			
27-28	«Менің Қазақстаным»	«Менің туған өлкем»	«Желтоқсан ызғары»	Балаларға желтоқсан оқиғасы туралы әңгімелеу. Ән айту арқылы мерекелік көңіл-күй сыйлау. Отанға, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік патриоттық сезімін ояту.	Ән тыңдау: «Желтоқсан желі» Ән айту: С Мұхамеджанов «Он алтыншы желтоқсан», И Нүсіпбаев «Гүлжазира Қазақстан» Әуенді қим би: «Домбыра» биі Муз/қим ойын «Соқыртеке» Муз аспап ойнау: Асатаяқ	«Желтоқсан ызғары» тақырыбында дайындалған слайд. Домбыралар асатаяқ аспабы. CD-дискалар	2
				Желтоқсан айы, III апта			
29-30	«Менің Қазақстаным»	Тәуелсіз Қазақстан.	«Егеменді елім»	Балаларға Тәуелсіз Қазақстан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Тәуелсіздік туралы түсінік беру. Ән айту арқылы мерекелік көңіл-күй сыйлау. Отанға, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік патриоттық сезімін ояту.	Ән тыңдау: Н Тілендиев «Өз елім» Ән айту: С Мұхамеджанов «Қазақстан», И Нүсіпбаев «Гүлжазира Қазақстан» Әуенді қим би: «Қамшы» биі Муз/қим ойын «Такия тастамақ» Муз аспап ойнау: Асатаяқ	«Менің елім Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында дайындалған слайд. қамшылар асатаяқ аспабы. CD-дискалар	1
				Желтоқсан айы, IV апта			
31-32	«Менің Қазақстаным»	«Астана Отанымыздың жүрегі» Қош келдің, Жаңа Жыл!	«Қысқы әуен сыңғырлайды» Жаңа жыл келді	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту. Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы, аяз ата, ақшақар туралы түсініктерін қалыптастыру.	Ән тыңдау: Б Бисенова «Шырша жырын шырқаймыз» Ән айту: И Нүсіпбаев «Шырша жыры» Әуенді қимылды би: «Кішкентай құртақандар» биі Музыкалық қимылды ойын: «Шыршаны әсемдейік» Музыкалық аспапта ойнау: Сылдырмақтар	Жаңа жылдық кештің бейнетаспасы. шырша, ойын атрибуттары, сылдырмақтар	2
				Қаңтар айы, I апта			
33-34	«Дені саудың	«Бәрі мен жайлы»	«Қысқы орман»	Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсініп,	Ән тыңдау: «Ормандағы аюлар» Ән айту: Қ Қайым «Сұр қоян»	«Қысқы орман» слайды, ойын,	1

	жаны сау»			ажырату. Әннің ырғағын сақтау. Балаларды қысқы орман ерекшеліктерімен таныстыру. Қыс мезгіліндегі жануарлар тіршілігі туралы мағлұмат бере отырып, жануарлардың дыбыстарын естіртіп, қимылдарын көрсету..	Әуенді қимылды би: Жануарлар биі Музыкалық қимылды ойын: «Аю жүрген орманда», «Қасқыр қақпан» Музыкалық аспаппен танысу: Сыбызғы аспабы	би атрибуттары	
				Қаңтар айы, II апта			
35-36	«Дені саудың жаны сау»	«Дұрыс тамақ тану» Дәрумендер	«Айнала ақша қар»	Слайд арқылы қысқы табиғатты, құстарды бақылау. Қысқы әсемдігін, ерекшелігін сезіне білуге үйрету. Ойын арқылы қысқы табиғатты елестету. Музыкалық аспапты ырғақты сезініп ойнауға үйрету	Ән тыңдау : Б Дәлденбаев «Қыс қызығы» Ән айту: Қ Қайым «Бұл қай кезде болады?» Әуенді қимылды би : «Вальс» Музыкалық қимылды ойын : «Қар жина» Музыкалық аспаппен танысу: гармошка	Қысқы табиғат слайды, ойын атрибуттары, гармошка	2
				Қаңтар айы, III апта			
37-38	«Дені саудың жаны сау»	«Өз-өзінді қорғай біл»	«Қыс қызығы»	Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Музыкалық аспапты ырғақты сезініп ойнауға үйрету	Ән тыңдау: Б Ерзакович «Қыс» Ән айту: И Нүсіпбаев «Ақша қар» Әуенді қимылды би: «Жұптасып билеу» Музыкалық қимылды ойын: «Аққала» Музыкалық аспаппен танысу: Маракастар	Қыс мезгілі туралы, қысқы ойындар суреттері. CD, DVD-дискалар. Маракас аспабы.ойын атрибуттары	2
				Қаңтар айы, IV апта			
39-40	«Дені саудың жаны сау»	«Спорт денсаулық кепілі»	«Қысқы орманда»	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны қимыл қозғалыспен бейнелей білуге баулу. Музыкалық аспапты ырғақты сезініп ойнауға үйрету. Ойын арқылы жануарлар қимылын салу.	Ән тыңдау: Б Ерзакович «Қыс», боранның дыбысы Ән айту: Қ Қайым «Қыс» Әуенді қимылды би: «Гномдар»биі Муз/қим ойын «Аю жүрген орманда» Музыкалық аспаппен танысу: Дауылпаз аспабы	Қыс мезгілі тақырыбында слайд, ойын атрибуттары, дауылпаз аспабы	2

				Ақпан айы, I апта			
41-42	«Бізді қоршаған әлем»	«Ғажайыптар әлемі» (өлі, тірі табиғат құбылыстары)	«Құстар біздің досымыз»	Балаларға құстардың қысқы тіршілігі туралы түсіндіру. Күйші - композитор Н.Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Құстарды қамқорлыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Н.Тілендиев «Аққу» күйі Ән айту: Қ Қайым «Торғай ағаш қорғайды» Әуенді қимылды би: Құстар биі Музыкалық қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар» Музыкалық аспаппен танысу: Сыбызғы аспабы	Құстардың қысқы тіршілігі слайды, ойын атрибуттары	2
				Ақпан айы, II апта			
43-44	«Бізді қоршаған әлем»	«Көліктер. ЖЖЕ-сақта!»	«Бағдаршам»	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге үйрету. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойын ойнағанда эмоцияны ояту. Жол ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу	Ән тыңдау: Б Бейсенова «Жол ережесі тәртібі» Ән айту: Ғ Тамендаров «Светофор-бағдаршам» Әуенді қимылды би: «Түрлі автомобильдер» Музыкалық қимылды ойын «Бағдаршам» ойыны Музыкалық аспаппен танысу: Дудочка аспабы	Жол ережесінің белгілері. «Жол қозғалысы» тақырыбында даындалған слайд. Ойын атрибуттары	2
				Ақпан айы, III апта			
45	«Бізді қоршаған әлем»	«Электроника әлемі. Байланыс құралдары»	«Біздің аспаптар»	Қазақ және орыс халқының музыкалық аспаптарымен таныстыру, ажырата білуге үйрету. Электронды аспаптармен таныстыру. Электронды аспаптарды ағаш аспаптардан ажыратуды үйрету. Балалардың ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын арттыру. Қ Сағырбайұлы туралы мағлұмат беру.	Ән тыңдау: Құрманғазы «Балбырауын» Ән айту: Қ Шілдебаев «Домбыра» Әуенді қимылды би: «Көңілді аспаптар» биі Музыкалық дидактикалық ойын: «Аспапқа тез жет» Музыкалық аспапта ойнау: Барлық аспап достасады	Қазақ, орыс халқының аспаптарының суреттерінен слайд. Электронды аспаптар Қ.Сағырбайұлы туралы слайд.	1
46			«Көңілді ырғақтар»	Ән арқылы балалардың бойына адамгершілік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру. Әртүрлі би жанрларының ырғағын сезініп билеуге үйрету. Ұлттық аспаптарға	Ән тыңдау: «Қамажай», «Вальс», «Полька» әуендері Ән айту: Б Дәлденбай «Көңілді балалар» Әуенді қимылды би:	Би өнері жайлы дайындалған бейнетаспа. асатаяқ аспабы, CD, DVD	1

				деген қызығушылықта-рын арттыру.	«Қамажай», «Вальс», «Полька» Муз/дид ойын: «Ән салған кім?» Муз аспаппен танысу: Асатаяқ аспабы	таспалары.	
				Ақпан айы, IV апта			
47-48	«Бізді қоршаған әлем»	«Пайдалы қазбалар»	«Қысқы ағаштар»	Балалардың қыс мезгілі аяқталып көктем мезгілі келетіні туралы білімдерін кеңейту. Ән арқылы табиғатты елестетуге үйрету. Әр жыл мезгіліндегі ағаштарды салыстыру. Әртүрлі би жанрларының ырғағын сезініп билеуге үйрету. Вальс би элементтерін қайталау.	Ән тыңдау: Б Ерзакович «Бұл қай кезде болады?», «Қыс» Ән айту: Д Мацуцин «Зырлайды шанамыз» Әуенді қимылды би: «Вальс» биі Муз/қим ойын: «Аққала» Музыкалық аспаппен танысу: Бубен аспабы	«Табигат сыры» слайды, ойын атрибуттары, бубен аспабы	2
				Наурыз айы, I апта			
49-50	«Салттар дәстүрлер мен фольклор»	«Қазақ халқының салт дәстүрлері»	«Ана өмір шырағы»	Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп,әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету.Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру.	Ән тыңдау: Д Ботбаев «Аман болшы,анашым» Ән айту: И Нүсіпбаев «Айналайын, ақ мамам», М Дауылбаев «Анаға сыйлаймыз» Әуенді қимылды би: «Гүлдермен би» Музыкалық қимылды ойын: «Гүл құрастыру» Музыкалық аспаппен танысу: қоңырау аспабы	Көктем мезгілінің көріністерінен слайд.	2
				Наурыз айы, II апта			
51-52	«Салттар мен фольклор»	«Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»	«Ақ әжем»	«Нан қасиетті ас» сөзінің түсінігін қалыптастыру. Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру	Ән тыңдау: К Қуатбаев «Ақ әжем» Ән айту: Ә Бейсеуов «Бауырсақ» Әуенді қимылды би: «Сырмақ жасайық» Музыкалық дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын?» Музыкалық аспаппен танысу: үрмелі аспаптар	«Қайдан келдің бауырсақ» слайды, ойын, би атрибуттары үрмелі аспаптар	2

				Наурыз айы, III апта			
53-54	«Салттар мен фольклор»	«Өнер көзі – халықта (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары т.б.)	«Наурыз жыл басы»	Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйлас-тық сезімін тәрбиелеу. Наурыз мерекесі туралы мағлұмат беру. Ән арқылы, ойын арқылы балалардың бойына ұлттық дәстүрімізді дәріптеу. Қазақтың ұлттық аспаптарына қызығушылықтарын ояту.	Ән тыңдау: Б Бисенова «Қош келдің, төрлет, Наурызым!» Ән айту: Ж Қалжанова «Наурыз біздің жаңа жыл» Әуенді қимылды би: «Қара жорға биі» Муз қим ойын: Ұлттық ойын «Тақиятастамақ» Муз аспаппен танысу: ұлттық аспаптар	Наурыз дастарқаны, ұлттық тағамдар, арқан ұлттық аспаптар, ойын атрибуттары	2
				Наурыз айы, IV апта			
55-56	«Салт дәстүрлер мен фольклор»	«Наурыз келді табиғат оянды»	«Бауырсақ» ертегісі	Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы ертегі туралы түсінікте-рін қалыптастыру. Ас атасы нан екенін түсіндіріп, нанды қадірлеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: «Ертегілер» әні Ән айту: «Бауырсақ» әні Әуенді қимыл би: «Ор қояндар» биі Муз/қим ойын: «Қасқыр қақпан» Музыкалық аспаппен танысу: Кселлофон аспабы	«Бауырсақ» ертегісі желісімен дайындалған слайд, «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің атрибуттары.	2
				Сәуір айы, I апта			
57	«Біз еңбекқор баламыз»	«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Әнші болам өскенде»	Балаларды мамандық түрлерімен таныстыра отырып, ән айту өнеріне баулу. Музыкаға деген қызығушылығын ояту. Музыкалық аспапта ырғақты сезініп ойнауға талпындыру. Әуенді би арқылы музыкалық аспаптарды дұрыс ұстауға үйрету.	Ән тыңдау: А Меңжанова «Жан сырым» Ән айту: К Қуатбаев «Әнші болам өскенде» Әуенді қимылды би: «Көңілді аспаптар» Муз/дид ойын «Ән салған кім?» Муз аспаппен танысу: Асатаяқ аспабы	«Менің мамандығым» тақырыбында слайд. Ойын атрибуттары, асатаяқ аспабы	1
58			«Домбыра сазы» атыраудың әнші күй-	Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру, жігерлі орындауға талпындыру. Музыка-	Ән тыңдау: Қ Ахмедияров «Атырау» күйі Ән айту: М Дауылбаев «Біздің	«Домбыра сазы» тақырыбында дайындалған	1

			шілері	лық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру. Әндерді көңілді, ширақ, ән ырғағын сақтай орындау. Жергілікті әнші күйшілермен таныстыру.	балабақша» Әуенді қимылды би: «Көңілді аспаптар» биі Муз дид ойын: «Аспаптарды орналастыр» Муз аспаппен танысу: қазақтың ұлттық аспаптары	слайд. Ойын атрибуттары. Қазақтың ұлттық аспаптары	
				Сәуір айы, II апта			
59-60	«Біз еңбекқор баламыз»	«Адам және ғарыш»	«Ғарыш әлеміне саяхат»	Ойын арқылы ғарыш әлеміне саяхат жасау. Қимылмен түрлі си-паттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. 12-сәуір ғарышкерлер мерекесі туралы түсінік беру, слайд арқылы ғарышкерлермен таныстыру	Ән тыңдау: Е Өміров «Айды әперші, апатай!» Ән айту: С Мұхамеджанов «Ғарышкер баламыз» Әуенді қимылды би: «Робботтар биі» Муз қим ойын: «Зымыран құрастыру» Муз аспаппен танысу: Үшбұрыш аспабы	«Ғарыш әлемі» бейнеролигі. ғарышкерлер туралы слайд, ойын атрибуттары, үшбұрыш аспабы	2
				Сәуір айы, III апта			
61-62	«Біз еңбекқор баламыз»	«Табиғатты аялайық»	«Орманда серуендейміз»	Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау. Балаларға орман жануарларының көктемгі тіршілігі туралы мағлұмат бере отырып, жануарлардың дыбыстарын естіртіп, қимылдарын көрсету. Көктем мезгіліндегі орман жануарларының тіршілігі.	Ән тыңдау: Б Ерзакович «Бұл қай кезде болады? Көктем» Ән айту: Б Бисенова «Көктем келді» Әуенді қимылды би: «Гүлдер» вальсі Муз/қим ойын: «Ку ку, тығылыспақ» Музыкалық аспаппен танысу: Ұрмалы аспаптар	Орман жануарлары слайды. Ойын, би атрибуттары. ұрмалы аспаптар	2
				Сәуір айы, IV апта			
63-64	«Біз еңбекқор баламыз»	«Қызықты тәжірибелер»	«Ас атасы нан»	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауды, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуді дағдыландыру. Балаларға нанның дастарханға қалай келгенін түсіндіру. Нанды құрметтеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Қ Шілдебаев «Бауырсақ» әні Ән айту: Д Ботбаев «Бауырсақ» Әуенді қимылды би: «Сары бидайлар» биі Музыкалық қимылды ойын «Жемістер мен көкөністер»	«Ас атасы нан» тақырыбында слайд. Ойын би, атрибуттары. Дудочка аспабы	2

					ойыны Музыкалық аспаппен танысу: Дудочка аспабы		
				Мамыр айы, I апта			
65	«Әрқаша н күн сөнбесін»	«Достық біздің тірегіміз» (халықтар достығы)	«Бақшадағы ән-сауық» 1 мамыр	Музыкаға деген қызығушылы-ғын ояту. Музыкалық шығарма-шылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділі-гін арттыру. Балаларға 1-мамыр достық мерекесі туралы түсінік беру.	Ән тыңдау: И Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз» Ән айту: А Жақсыбеков «Ағайынбыз бәріміз» Әуенді қим би: «Ұлттық билер» Муз қим ойын : «Соқыртеке» Муз аспапта ойнау: Барлық аспап достасады	1-мамыр достық мерекесі туралы сурет слайды. Ойын атрибуттары, барлық музыкалық аспаптар	1
66			«Ән салып, би билейміз»	Музыкалық шығармалар сипа-тын анықтауды жалғастыру, ды-быстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйе-мелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу. Музыкалық сауаттылықты бекіту.	Ән тыңдау: Т Қажыбаев «Балалығым-балғын шағым» Ән айту: Б Дәлденбай «Балдырғандар әні» Әуенді қимылды би: «Көңілді полька биі» Муз дид ойын : «Ән салған кім?» Муз аспаппен танысу: Металлофон аспабы	композитор Б Дәлденбай портреті. ойын атрибуттары, металлофон аспабы	1
				Мамыр айы, II апта			
67- 68	«Әрқаша н күн сөнбесін»	«Отан қорғаушы лар (ҚР әскері)»	«Ел қорғауға әзірміз»	Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музы-кадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету. 7- мамыр ұландар мереке-сі мен 9-мамыр Жеңіс мерекесі туралы әңгімелеу.	Ән тыңдау: «Солдат болам мен ертең» Ән айту: «Ел қорғауға әзірміз» Әуенді қимылды би: «Сарбаздар биі» Музыкалық қимылды ойын: «Жалаушаға тез жет» Музыкалық аспап: барабан, баян аспаптары	«Жасұлан» тақырыбында слайд. ойын атрибуттары, жалауша, барабан, баян	2
				Мамыр айы, III апта			
69- 70	«Әрқаша н күн сөнбесін»	«Шөпте не жорғалай ды (жәндіктер,	«Қызыл жасыл көбелек»	Балалардың гүлдер туралы білімдерін бекіту. Ойын ойнау арқылы гүлдердің түрлерін ажырата білуге баулу. Өткен әндерді қайталау. Музыкалық	Ән тыңдау: Ж Тұрсынбаев «Көктемде» Ән айту: Д Гусинцев «Көктем» Әуенді қимылды би: «Гүлге қонды көбелек биі»	Көбелектер әлемі слайды, ойын атрибуттары. Кселлофон	1

		бауыры мен жорғалаушылар)»		сауаттылығын бекіту. Гүлдерге деген қызығушылықтарын дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Муз дид ойын: «Көбелектер мен гүлдер» Музыкалық аспаппен танысу: кселлофон аспабы	аспабы	
				Мамыр айы, IV апта			
71	«Әрқашан күн сөнбесін»	«Көңілді жаз»	«Алақай, жаз келді!»	Балалардың жаз туралы білімдерін бекіту. Ойын ойнау арқылы жәндіктер түрлерін ажырата алуын бақылау. Өткен әндерді қайталау. Музыкалық сауаттылығын бекіту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: Б.Бейсенова «Алақай жаз келді!» Ән айту: Б Дәлденбай «Көңілді балалар» Әуенді қимылды би: «Көңілді аралар» биі Муз/дид ойын: «Топтастыр» Муз аспаппен танысу: қоңырау аспабы	Жаз мезгілі туралы дайындалған слайд, ойын атрибуттары, қоңырау аспабы	1
72			«Біз мектепке барамыз»	Музыканың сезімдік мазмұнын, сипатын ажырата білуді бекіту. Музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін бекіту. Әннің мазмұнын бейнелей білуге, әнді нәзік орындауға төселдіру. Оқушы, мектеп сөздерінің мағынасын түсіндіру. Ұстаздарға алғыс айтуға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: К.Қуатбаев «Балдырғандар маршы» Ән айту: А Меңжанова «Біз мектепке барамыз» Әуенді қим би: «Биге шақыру» вальсі Муз қим ойын: «Кім епті» Муз аспапта ойнау: Барлық аспап достасады	Ересек топ балаларының фотосуреттеріне н дайындалған слайд, ойын атрибуттары, барлық музыкалық аспаптар	1